


Каз. 2  
III. 33

Ақылбек  
Шаяхмет

ЖЕҢІЛДІРІЛДІРДІК  
ДАУСО





# **Ақылбек Жаяхмет жүргізудың дауыс**

**Өлеңдер**

**Ж**

**АЛМАТЫ  
«ЖАЗУШЫ»**

**1997**

**38859**

Л. Т. тәжірибелі атасы  
Көкшетай обласының  
умиғасалдың мемориалдық  
кітапханасы

ББК 84 Қаз7-5  
Ш 33

Редакторы  
Арасанбай Естен.

**Шаяхмет А.**

Ш 33 Жұлдызды дәуір: Өлеңдер.— Алматы: Жа-  
зушы, 1997.— 160 бет.  
ISBN 5-605-00429-8

Белгілі ақын Ақылбек Шаяхметтің «Жұлдызды дәуір» деп аталатын бұл жыр жинағына негізінен тә-  
уелсіз еліміздің сыр-сипаты, туған жер табиғаты, жас-  
тар махаббаты өзек болған. Кітапта күн мен түндей  
итжығыс түсін жататын жақсылық пен жамандықтың  
бітіспес айқасы суретtelіп, адамгершілік асыл қасиет-  
тер дәріптеледі.

Ақынның ойы оралымды, тілі айшықты. Бұл — ав-  
тордың он екінші жыр жинағы.

III 4702250202—36  
402(05)—97 без объявл.— 97

ББК 84 Қаз7-5

ISBN 5-605-00429-8

© «Жазушы» баспасы, 1997 ж.

# ТУҒАН ЕЛ – АЛТЫН ҚАЗЫНАМ

## ЖҰЛДЫЗДЫ ДӘУІР

Далаға шықсам, аспанда жұлдыз самсаған,  
Жүзінді көріп, шаттанып тұрған қанша жан.  
Қадайды көзін жанары — сынды арудың  
Бабамның, бәлкім, арманы шығар аңсаған.

Төсінде көктің маржандай болып шашылған,  
Жұлдызға мен де ғашық бол өстім жасымнан.  
Болғанда жолым, жұлдызым жанды деуші едім,  
Жұлдызым менің көтпейтін мәңгі басымнан.

Қанатты кеме секілді талмай самғаған,  
Өтті ғой дәуір...  
Өтті ғой зулап сан заман.  
Әлі де бірақ тоқтамай көшіп келеді  
Жұлдыздар көші ғарышты кезіп, шарлаған.

Кеудеге қонып, ерлердің даңқын асырған,  
Жұлдыздан менің болған жоқ сырым жасырған.  
Жұлдызым дедім, жарығым дедім жарымды  
Еркелеп келіп мойныма менің асылған.

Өтті де жылдар...  
Өзгерді менің шырайым,  
Өзгере берсің, жақсылық болсын лайым.

Өзгерер да拉, түрлөнөр да拉, гүлденөр,  
Өзгерер бәрі.  
Өзгөрмес жалғыз Құн, Айым.

Жарығын құйып тұрғанда Жерге Құн қызыл,  
Көгеріп-көктеп, ер жетер ертең ұл-қызым.  
Сана да, салт та, сапа да, сыр да өзгерер,  
Өзгөрмес, бірақ, жарқырап жанған жұлдызым.

Кезінде жайған қанатын кенге өр елім,  
Жұлдызды дәуір!  
Сен едің менің өлецім.  
Аспаннан түскен жай оғы құсап естілді  
«Жұлдызды соғыс, жұлдызды соғыс» деген үн.

Біреуге жаны, біреуге кейде мал қайғы,  
Соғыстың, бірақ, жұлдызы әсте жанбайды.  
Соғыс пен Жұлдыз,  
Жұлдыз бер Соғыс.

Екеуін  
Бір сөйлем қылышпайтуға мұлдем болмайды.

Соғыстың — сұмдық,  
Жұлдызым — жігер, жалын ғой,  
Соғысың — сорың,  
Жұлдызым — жүрек, жаным ғой.  
Жер менен Көктей Жұлдыз бер Соғыс арасы,  
Сөздердің сыры елдерге тегіс мәлім ғой.

Жұлдызды көктің кеудесі шерден босасын,  
Жұлдызын тапсын, үмітін жақсын жас асыл,  
Жылдытып жүртты, жасарып, жайнап, жетіліп,  
Жұлдызды ғұмыр,  
ЖҰЛДЫЗДЫ ДӘУІР жасасын!

## АҚЖОЛТАЙ

(әнін шығарған Шеміл Әблітай)

Азаттықтың атқан шақта нұр — таңы,  
Түған елім тебіреніп тұр тағы.  
Көтергендей Абылайдың ақ туын,  
Тәуелсіздік жырын бүгін шырқады.  
Еркін құстың қанатын кім қырқады?!

А-а-а! Ақжолтай!

Тегі тұрік, қаны қазақ қашаннан,  
Алаш атын ұран қылған үрпағы.

Тапқан бағын атамекен — қоныстан,  
Тар жол, тайғақ кешулерде табысқан,  
Жауға қарсы жұдырықтай жұмылыш,  
Ерлер өткен арыстандай алышқан,  
Жүректері жаралғандай намыстан,

А-а-а! Ақжолтай!

Жетелейді келешектің шыңына  
Солар жаққан үміт оты алыштан.

Тіршіліктің болса тоқсан тарауы,  
Жақсы ырым ғой жақсылыққа балауы,  
Шайқалмасын Қыдыр қонған шаңырақ,  
Құт дарытсын бар халықтың қалауы,  
Жарқырасын Еркіндіктің алауы,

А-а-а! Ақжолтай!

Жүрек күндей, тілек бірдей.

**ИНШАЛЛА**

Жығымасын Тәуелсіздік жалауы!

## ҚАЛАЙ ЖЕТТІК БҮЛ КҮНГЕ?!

Қалай келдік бұл жерге, қалай жеттік бұл күнгे?!  
Қазақ елі жұмактың жері деуге мүмкін бе?!

Қазақ елі тозақтың шегі деуге бола ма,  
Сөйле, сөйле, ендеше, қызыл тілім, іркілме!  
Ата жауды қашырған, баба даңқын асырған,  
Қас дүшпаным бас ұрган күндер өтті басымнан,  
Қарсы алдымнан жел тұрып, қалдым қазір ентігіп,  
Асамын деп келгенде жиырмасыншы ғасырдан.  
Не жетеді жалғанда дүние сырын білгенге,  
Жұлдыздарға көз тіктім сүттей жарық түндерде,  
Шымылдығым құрулы, туырлығым турулі  
Откен күннен белгі бол жетті біздің күндерге.  
Откен күннен белгі көп... Ана тілім — қазынам,  
Сені жұтсаң балдайын, сырқатымнан жазылам.  
Жақсы сөзді сондықтан жатпай-турмай іздеймін  
Бал арасы секілді өмірімнің жазынан.  
Сырт айналып бір күнде дос-жарандар ұғысқан,  
Күндер жетті сусынсан, қайыр кетті туыстан,  
Ұмыт қалып өсиет, жиылды да қасірет,  
Сүтпен сіңген қасиет кетті шығып уыстан.  
Әке тілін үл алмай, шеше тілін қыз алмай,  
Баламызбен тілдестік өзге тілде қызармай,  
Енді отырмыз өзіміз тастай қылыш қатырған  
Көбе-қарды сөге алмай, қалың мұзды бұза алмай.  
Жолбарытай қайратты, арыстандай айбатты  
Ерлерімді ездерім абақтыға айдатты.  
Арып-ашқан халыққа нәр беретін жан қалмай,  
Піскен сүттің бетінен қалқыш алды қаймақты.  
Енді көрсем, ең алыш бәйтеректер сыр түнған,  
Бұтактары тоналып, тамырлары қырқылған.  
Күнім туды десем де, содан қалған қанден ит  
«Аман жүр деп бұл неге?» — абалайды сыртымнан.  
Әзәзіл бол шықты ма келген қонақ төрдегі,  
Тас жатқанын қойнында неге көзім көрмеді?!

Қорсылдаған доңыздың асыл тексті тұлпармен  
Қаша семіз болса да, терезесі тең бе еді?!

Біреу зар боп балаға, ит жетелеп біреу жүр,  
Көзін қадап далаға, іште «мысық тілеу» жүр.  
Қыстың көзі қырау деп тоқтатпасам сөзімді,  
«Не айтып кетті мынау!» — деп тілеулестер

ренжір.

Ойлап тапқан көзірді өмірінің шарты қып,  
Мықты деген тұзыңды кетер басып «алтылық».  
Кеменгермін деп көкіп бір кеңкелес сөйлеп тұр,  
Бір қолында қызыл ту, бір қолында жартылық.  
Тілі тәтті болса да, діні қатты шешеннің,  
Кіндігінің тек қана қамын жеген көсемнің  
Сөздеріне иланған, көшпен бірге қиналған,  
Жайын үқпас кеселдің, о, не деген есермін?!

Жалған сырын білсе де, көкірегінде мың арман,  
Өзін үқпай жүрсе де, өзгелерді үға алған,  
Тартқан тағдыр азабын бала мінезд қазағым  
Жыланды да үйге енген айран құйып шығарған.  
Сыбағадан құр қалыш жүрсек-тағы анық біз,  
Нұрды аспаннан, қуатты Жерден алған

халықпаз.

Күннің көзін бұлт басып, жерден табан тайғанда,  
Ішіп алыш есірткі, есімізден таныпсыз.  
Сүйтіп жүріп қазақтың маңдайынан Күн туды,  
Одақ деген олақтың астары да жыртылды.  
Көрсете алмай қарсылық жатқан шалғын

жаншылып,

Бойын тіктеп, қайтадан тіршілікке ұмтылды.  
Ту астына жиылып, таудай болыш үйіліп,  
Батыр бола бастадық бабаларға сиынып.  
Сол өктемдік мінезді өзімізге көрсетіп,  
Тек кетпесек болғаны қар сұындан сүйиліп.  
Қайта көктеп, көгеріп, жапырақ жайып тіліміз,  
Тереземіз теңеліп, көкке жетсін үніміз,  
Жалпақ жатқан жалғанды көктеп өткен тіріміз,

Көп халықтың піріміз, аз халықтың біріміз!  
Билеп-төстеп жүргеннің сыйырылды пердесі,  
Дәңгеленген Жерде осы тоқтамасын Ел көші.  
Қайта айналыш қазығын оралғанда қазынам  
Шашу болып шашылсын қазағымның тәңгесі!

## ҚАДІР ТҮНГІ ТІЛЕК

Ләй-ла-ил-ла-ла!  
Мұхаммед — расул-алла!  
«Алла, Алла, Алла!» — деп  
Соғып түр ғой жүрегім,  
Қабыл болсын оразаң,  
Орындалсын тілегің.  
Төбе болса, тау болсын,  
Сырқат болса, сау болсын,  
Кедей болса, бай болсын,  
Төрт құбыласы сай болсын!  
Аш болса егер, тоқ қылсын,  
Аз болса егер, көп қылсын,  
Жоқ болса егер, бар қылсын,  
Қайғы-мұзын жоқ қылсын!  
Еркін өскен ел болсын,  
Елін сүйген ер болсын,  
Өнері озған өзге елмен  
Тerezесі тең болсын!

## ҚАЙРАН, ҚАЗАҚ БАУЫРЛАРЫМ!

Ісің түссе әлдекімге,  
Көкірегіне жел бітетін,  
Келген жанды сәлемдесіп  
Босағада телміртетін,  
Кеңсесінде кісімсінген

Қылпылдаған қырт екен;  
Елдің қамын ерте ойлайтын  
Көз үстіндегі қас па десем,  
Мұрын астындағы мұрт екен.  
Домаламай өрге тасың,  
Уайымың болыш басым,  
Қысса етігің аяғыңды,  
Кең дүние де тар екен,  
Тасты жерде таға болған,  
Қысылғанда пана болған,  
Қамқа тонға жаға болған  
Ағалар да бар екен.  
Қайран, асыл ағаларым!  
Үлде менен бұлде киіп,  
Қасын керіп күшінгенді,  
Елден ерек күтінгенді,  
Ел шетінде, жел өтінде,  
Желге қарсы түкіргенді  
Көрдік бәрін, үндемедік.  
Ел білгенді білмесек те,  
Озған ерді күндесек те,  
Аярларды тілдемедік.  
Сонда қайсы ұтқанымыз,  
Шың басына шыққанымыз,  
Қандай пайда ташқанымыз,  
Түнде жортқан аш қасқырға  
Құрылды ма қақпанымыз?!

Көргенсізді көрген дедік,  
Аққуды атса мерген дедік,  
Атқа шапсак, тақым босап,  
Ер үстінде ербендердік.

Қайран, қазақ бауырларым,  
Біз не деген шерменде едік?!

Болыш сауда, өтті жасым,  
Талай дауда кетті басым,  
Бойға құт бол тарады ма

Жиын-тойда ішкен асым?  
Тұрсам-дағы қай қалада,  
Атқан оғым айдалаға  
Қаңғыш кетіп, өсек сөзден  
Ағарды ғой сақал-шашым.  
Қайран, асыл ағаларым!  
Жүрген жоқсың соны білмей,  
Іні болдым, інге кірмей,  
Аспандаса ағаларым,  
Аспанды да жағаладым,  
Әлім біліш, тыныш жүрмей.  
Жырлап өтем бас иетін  
Халқымыздың қасиетін.  
Асан да айтқан базынасын,  
Абай да айтқан өсиетін,  
Айтыш, бірақ, тауыса алмасын,  
Бұл қазақтың қасіретін...

### БАЗАРДА

Онды босқа түрғызып.  
Бірдің қолын жургізіш,  
Алыс-беріс көбейіп,  
Бүгін базар түр қызып.

Қалаш сатып ана тұр,  
Сағыз сатып бала отыр,  
Жел өтінде дірдектеп,  
Қайыр сұрап шал отыр.

Жоғын іздеп сенделген  
Ығы-жығы халық көп.  
Үміт артып келгенмен,  
Жатқандар аз қарық бол.

Арыла ма күнәдан  
Базар нарқын білмеген,

Көрінбейді кей адам  
Үлде менен бұлдеден.

Көре аласың бұл жерден  
Ақшаның да түр-турін,  
Күн көрген мен үлгірген  
Алдаш кетер бір-бірін.

Босқа жүріп зеріккен  
Қашқандар көп бейнеттен,  
Бозбалаға желіккен  
Арақ сатар бойжеткен.

Бұрын мұнда болмаған  
Толып кеткен келімсек,  
Ыржандайды дорбадан  
Желінқапсыз келіншек

Қасапшы да осында,  
Қарақшы да осында,  
Қасың ба, әлде, досың ба?!

Білу қыын расында.

Онды босқа тұрғызып,  
Бірдің қолын жүргізіп,  
Мың адамды сабылтыш,  
Базар, шіркін, тұр қызып..

## БАЗАРДАН ҚАЙТАР ЖОЛДАҒЫ ОЙ

Асыл арман арқасында  
Көптен күткен күнге жеттік бүгінгі,  
Өшкен жаныш, өлгөніміз тірілді.  
Ел басқарған ханымыз,  
Қол бастаған батырлар,

Ақиқатты ашып айтар, ашына айтар ақындар  
Есіл ерлер көк төсінде найзағайдай шатырлар  
Бәрі, бәрі тірілді...  
Ей, тірілер, тірілер!  
Естимісің енді менің ұнімді,  
Тыңдаймысың жырымды,  
Тау басынан лықсыған селдейін  
Ақтарайын сырымды.  
Абылай ханның даңғылында арақ ішіп қаңғыған,  
Бозбастарды көре қалса, не дер еді хан бұған?!  
«Әй дер әже, қой дер қожа» болмаса,  
Жақсы емес-ау ол да аса,  
Такия жоқ басында,  
береке жоқ асында,  
батасы жоқ аузында,  
Қаладағы шалдың көбі алжыған.  
Бесік жырын айта алатын ана да аз  
Сәбиіне үйқылы-ояу қалғыған,  
Сол анасын Мекеге апаратын бала да аз,  
Не дер едік ал бұған?!  
Батыр баба, аруағың қолдасын,  
Бірақ, сенің атыңды алған көшөндө,  
Көшелі деп аталатын осы елде  
Найза түгіл, көтере алмас дорбасын,  
Жол үстіне тастай қашар жолдасын,  
Жанына ерген жігіттерге бөліп бермес олжасын,  
Жігіт емес, мігіттерді қалса шалып көзіңіз,  
Жығылсақ та, сүрінгенге күліп жатсақ өзіміз,  
Бұл заманға ол да сын!  
Кім біледі, қасиетті мектебінен Аханның  
Жолықтырып қалар ұстаз талай түрін  
қасиетсіз «нахалдың»,  
Қайран, батыр Қобыландының үрпary  
Қалай азып кетті екен  
Ісін істеп шіркейдің, асын ішіп атанның,

Қара бастың барлық қамын жиып қойып бір  
шетке,  
Мұңын ойлар жандар көп пе атамекен —

Отанның?!  
Бір қылжақбас гитарамен әнін салса Мағжанның,  
Мүмкін бе оны түсінуі қаракат көз Тоғжанның?!  
Бояулармен баттасқан бет жайрандаپ,  
Би билесе бәкселері тайрандаپ,  
Экраннан сілекейін шашады  
Тозған заман, азған күн.

Ал мен болсам...

Қайтып келе жатқан жаңмын базардан,  
Сондықтан да қаймықпаймын Ажалдан!  
Сескенем тек Өмірден,  
Жалған тірлік болыш сусын  
Маған жылжып келе жатқан Өлімнен!

Арсыздық пен қансыздықтың салдары,  
Егер менің кезім болса жеңілген,  
Тірілейік деп тілеймін, тірілсек,  
Бізге деген таза, мөлдір көңілден.  
Өшкен жанса, алаулайтын от керек,  
Қоламтада өшпей қалған шоқ керек,  
Қайтер ендер, ағайын!  
Барлығымыз жиылып,  
Бабалардың аруағына сиынып,  
«Өшкен жаңды, тірілді деп өлгенім»,—  
Азан-қазан қылыш ішін бөлменің,  
Дауысымыз жаңғырың, жатқан шакта даурыш,  
Жолыққанда бетпе-бет,  
Сол бабалар, акылы асқан даналар  
Қайтып кетсе тірілерге өкпелеп?!

Көкейімде аршылмаған жатыр мұң,  
Бұл бір сәттік көңіл күйі акынның.  
Ойлы оқырман!  
Кінәласаң, өзің біл!  
Саған айтар сөзім бұл!

Сенің саудаң қызу болсын, бітпесін,  
Өмір талай тауқіметін жүктесін.  
Саған, бәлкім, керегі жоқ ақылдың,  
Әйткені, мен ығы-жығы базардан  
Күйіп-пісіп қайтып келе жатырмын...

## ШЕШЕН БАУЫРЫМА ХАТ

(Толғау)

Шешен бауырым!  
Мен сені түсінемін,  
Кішіліктен қан жұтар кісі ме едің?!  
Күші басым қатал жау күшікке де  
Күжірейген жұмсаңты күшігөнін.

Бесіктегі балаңды шырылдатып,  
Саған біреу ит қосты ырылдатып.  
Алланы айтып ышқынды байғұс ана,  
Құрсақтағы сәбиін туып жатып.

«Асай Терек долданып, буырқанған,  
Тауды бұзып, жол салып, тасты жарған»<sup>1</sup>  
Үйстық қанын суына жатыр қосып  
Күдер үзген жандардың шыбын жаңнан.

Есіл жігіт қорлыққа төзбекесін,  
Басына орап кебіндік кездемесін,  
Табанына таптатпай абыройын,  
Танкі астына тастапты өз денесін.

Өз сөзінде жаужурек тұра алатын,  
Сақтау үшін ел берген қыран атын,  
Жылан бауыр зұлымды жылжытпастан,  
Жарса керек қолдағы гранатын.

<sup>1</sup> Абай аудармасы.

Атқан жерін от құсып, өртөп өткен  
Инелікей именбей вертолеттен,  
Ерлер ғана ерлікпен қорғамай ма,  
Еркін елін, ұлдарын еркелеткен.

Шошыды ма жер жарған дабысынан,  
Озбырсені айырды қонысынан,  
Қандастарың жан-жакқа шашырады,  
Тірлік үшін айқаста жан ұшырған.

Арыстандай алысқан Шәміл кеше,  
Еңіреген ер еді елім десе,  
Көнбес еді өмірі бодандыққа,  
Сенгендері екіге бөлінбесе.

Сенген елі екіге жарылмаса,  
Шен-шекпені барларға жағынбаса,  
Қайғы жұтқан қайран ел қайдан оңсын  
Дұшпанды да досым деп қабылдаса.

Болмаса да шын бағаң жетім құрлы,  
Жалған дүние сайқалдай бетін бұрды.  
Қасіреттен қабыргаң қайысқанда,  
Елін сатқан ездерің опындырды.

Қырылса да қой — сыңды халық деген,  
Өлгендерін жөнелтіп табытпенен,  
Есерлер де желіккен жеткілікті  
Ермоловтың қылышын дәріптеген.

Мергендердің оғынан қазықұлап,  
Тез өтсе де өмірдің жазы, бірак,  
Шешендердің мінезі сүйсіндіріш,  
Толстойды тамсантқан Қажымұрат.

Тартқанымен шығатын қалыбына,  
Құншығыстың көз салып жарығына,  
Қайратына намысын жанып журген  
Лермонтов бас иген тау ұлына.

Жазылмаған жердө әлі жара көп пе?!

Атарым жоқ бомбы артқан самолетке.

Ел қайғысын жүрекпен қабылдаған

Алғысым көп жаужүрек Ковалевке!

Күні кеше патшадан шен алғандар,

Бүгін тарих бетінен жоғалғандар,

«Аты шықпай жер өртеп», бейбіт елге

Ажал оғын себуде генералдар.

Күні бітсе Одақтың ыдыраған,

Қарақшының құлқыны құрымаған,

Әлек олар көп болып қуып тыққан

Шығаруға бір жынды құмырадан.

Жігіттерді айырып туысынан,

Бал орнына қысылмай у ұсынған,

Жағаласып жатқаны, жанталасып,

Шығармауға отарын уысынан.

Алыпқа, осы, білмеймін, не жетпейді?!

Асамын деп басқадан дедектейді.

Қырыш-жойып барлығын, тып-типыл қып,

Содан кейін көрсетем көмек дейді.

Өз басына қасірет көрінбесе,

Бетін басып шошинар Өлім десе,

Өзгелерге қолқабыс жасағаны,

Көрін қазып, табытын әзірлесе.

Өз дегені болмаса, келіспесе,

Қалаларды қиратып, тегістесе,

Жас бала да қоймай ма жылағанын,

«Қазір алып кетеді кеміс», — десе.

Солдат та адам, оның да анасы бар,

Сақтап келген Ажалдан панаы бар,

Атысқанның барлығын зұлым десек,

Айтқан жанның тіліне жара шығар.

Ашық күнді қара бұлт торламаса,  
Демі жалын зұлмат түн орнамаса,  
Ақырзаман болуы мүмкін әлі,  
Шешендерді шешелер қорғамаса.

Қатыш жатқан сіреу мұз қозғалады,  
Ақындардан бәрібір сөз қалады.  
Түбі тозақ отына шарпылады  
От пен оққа жұмсаған бозбаланы.

Колбасшыға ажал не, атақ алса,  
Жезекшедей астына жата қалса,  
Сене алмаймын қайғырмай мың адамға,  
Бір адамды өлді деп қапаланса...

Кол-аяғы кесілген жарагалы жан  
Дәметпейді дәрменсіз қоғамынан.  
Ар сотының алдында кездесер ме  
Түсіргендер еріксіз оған ылаң.

Бойжеткенмен бір кеш те бола алмаған,  
Қанша қыршын үйіне оралмаған.  
Бұл қара жер көтерген соның бәрін,  
Қасиетің қалды ма тоналмаған?!

Жермен-жексен болғанда мешіттерің,  
Мұсылманның зарлы үнін есіткенмін.  
Көзің шыққыр, Әділет! Қайда жүрсің?  
Көрмеймің жақсылық кешіккенін.

Ел ішінен аулакқа көшті дейтін,  
Ата-анасын танымай өсті дейтін,  
Түстің бе, әлде қолына саңыраудың  
«Өлдім!» деген дауысыңды естімейтін.

Таза арлы, намысы бар түзу жанды,  
Дейді жүрт: «тау мінезді, қызу қанды».

Сын емес пе жігіттің жігітіне,  
Демеп жүрсө тар жерде қысылғанды.

Тамырында ақса да орыс қаны,  
Талайлардың мақсаты тоғыспады.  
Отан үшін тұсті ме олар отқа,  
Кімдер үшін белгісіз соғысқаны.

Кегі бар ма немесе жатқа кеткен,  
Жасыл бақты аяусыз тапташ өткен.  
Айта ала ма өзгеге масаттаныш.  
Бабасындай өткенін мақтан еткен.

Шүйілсе егер Кавказдың мұзбалағы,  
Сезіледі түрінен ызғар әлі,  
Қалай айтар Өлімге қарсы тұрған  
Өлтірдім деп өрімдей қызбаланы.

Жастайынан жастаныш наланы көп,  
Отырғанда подвалда бала жүден,  
Сол балаға нәр іздеп сыртқа шыққан  
Қалай айтар өлтірдім ананы деп.

От ішінде өртенсе бала-шаға,  
Қас та болса, түспес пе арашаға?!  
Баласы бар адамның бала өлімін  
Жүктегені мойнына жараса ма?!

Ей, адамдар! Анасы, баласы бар,  
Аспан анау түтіннен алашұбар,  
Ойланыңдар... Жаулықтың жолын қуып,  
Қайда, қалай аттаныш барасыңдар?!

Берген сыйын Алланың Өмір деген  
Ешуақыт қимаймын өлімге мен.  
Төсін қанша «жендім!» — деп соққанымен,  
Адам бар ма Соғыстан жеңілмеген?!

Сағынышы, көз жасы, запыраны,  
Көкейінде көп жанның жатыр бәрі.  
Талғамастан Ажал да жұта берер  
Ақылдысын Адамның, ақымағын...

«Неге аттым?» — деп ақымақ ойлан жатпай,  
Атыспауға ақылды айла таппай,  
Көрігінде соғыстың күмпілдеген  
Кетер түгел жоғалып жаңған оттай.

Жетсе төзім жақынға, алысқа да,  
Айтар сөзім шешенге, орысқа да,  
Тіл табысу — бекзаттың тектілігі,  
Дәрменсіздің тәсілі Соғыс қана.

Ортасында Кавказдың өлген қала,  
Қанша үмітті кесілген жөмгөн мола.  
Құзғын екеш құзғын да құнықты ма  
Бір-екі рет шоқитын жемгө бола.

Балапандар қанаты қатаймаған,  
Жауды көрген еліріп, атойлаған,  
Жорық туын тағы да көтермей ме  
Заман туса қол жиып, ат ойнаған.

Сескенбесе не кісі, не құдайдан,  
Тағы шабыс, арпалыс, тағы майдан.  
Қойдай тізіп боздарын көгендер ме  
Айырғандай тортаны сары майдан.

Темір төсек батса да бүйіріне,  
Адасқандар қосылып үйіріне,  
Азаптарын арқалап вагондарда,  
Қазақтардың тап болған пейіліне.

Сағыныштан сарғайтып самайды ана,  
Шейіт болған жат жерде талай дана,

Кеңес елін мақтайдын өнді қалай,  
Сталинді жақтайдын қалай ғана?!

Құрығы ұзын үкімет атып, асып,  
Аз халыққа көрсеткен «ықыласын».  
Абақтыға еріксіз айналдырған  
Тарихтың да қанжоса сахынасын,

Архивтарда түштелген қай қағазда  
Біздер бірге көрмеген майдан аз ба?!  
Төс қағысып, қол беріп, көрші тұрың,  
Бірлік тілең жығылдық жайнамазға.

Кеудемсоқтар білгені аз, көргені кем,  
Мансап күтсе жендеттің «ермегінен»,  
Ақын жаны күйзеліп көппен бірге,  
Евтушенко бас тартты орденінен.

Бұл туралы сөз де көп алыш-қашпа,  
Оқырманым, сен де оған алыш, қоспа!  
Достық жайлы сөз қылу ар емес пе,  
Жатқан кезде қырылыш халық босқа.

Өткен сайын ай зулап, жыл ілесіп,  
Жүрісінен ғасырдың түңілесің.  
Тастаса да батырдың басын шауыш,  
Тастай алмас ақынның тілін кесіп.

Оның жыры қалдырған үрпағына,  
Азаттықтың шақырар нұр-таңына,  
Төгілген қан орнына шығар өсіп,  
Туған жердің гүлі де, қылтаңы да.

Тыныштықтың жалауын желбіреткен  
Туады деп күтеміз мәлдір көктем.  
Бірақ, абзал жандардың асқақ үні  
Аса алмай түр өзірше зеңбіректен.

Аяқталмас егестің соңын күтіш;  
Қолбасшылар қойғандай тілін жұтып.  
«Тоқтатайық!» деуге де дәті бармай,  
Ақындарын жүр әлі ренжітіш.

Шешен бауырым, тәнтімін шыдамыңа,  
Менің дауысым жетсе егер құлағыңа,  
Қыран қонған биікті бере көрме  
Төңірекке у шашқан жыланына.

Дабысыңды естісін бүкіл әлем,  
Ақиықтай арлы едің. Біртуар ең!  
Әттең, әттең...  
Жер шалғай, ара қашық,  
Сол биікте өзіңмен бір турадар ем!

қаңтар, 1995 жыл.

### АДАМНЫҢ КҮНІ АДАММЕН

Пейілі құлаң, біреуді тастаса біреу жарылқап,  
«Атымтай — жомарт бар ма?»—  
деп қарайды көп жаң таңырқап.  
Тереңнен тартқан тамырын,  
білетін бардың қадірін,  
Тұлетер мыңа өмірді келеді өсіп жаңа үрпак.  
Бұл күнде ешкім ешкімді жатқан жоқ шығар  
қарық қыш,  
Сонда да дала міnezін бойға да біздер дарыттық.  
«Жалғыздық деген жалғыз-ақ құдайға ғана  
жарасқан,  
Адамның күні адаммен!»—  
деуші еді әжем, жарықтық!  
Болса да қанша далам кең, адамның күні адаммен,  
Адамға ғашық бол өстім, ұтылған жоқсын одан мен.

Кілт табу керек жүрекке,  
тіл табу керек сондықтан,  
Досыңмен, туыс, көршіңмен,  
қаныңдан шықкан балаңмен.

Соғыстар салған жараны Адаммен ғана Жер емдер,  
**АДАММЕН**

ӨМІР Биіктеп,  
Ұлғайыш,  
Кеңіп,  
Тереңдер.

Қосылу үшін өзендер, үйқасу үшін өлеңдер,  
Тіл табу керек адамдар, табысу керек бар елдер.

## **КОНАҚҚА СЫР**

Жұзіме көп қарайсың, қонағым-ау,  
Өзгерген елу жылда дала мынау,  
Отарға өріс таптай шопан досым  
Диқанға егін еккен салады дау.

Жер осы шалғын қаулан, құт дарыған,  
Бір кезде өнім жиған ақ тарыдан.  
Содан соң түгел жыртыш жалпақ жонды,  
Жарты пүт өнім алған гектарынан.

Ақса су қасқа жолмен сарқырап бір,  
Откен-ау басқа жермен дәу трактор.  
Көрінбей жердің көгі, көл жиегі,  
Айна көл бір құсы жоқ жарқырап тұр.

Кең далам, көрген сайын кеңдігінді,  
«Елдігін сактар ма деп ер бүгінгі»,—  
Көңілім астан-кестен буырқаныш,  
Селеудей тербеледі желді күнгі.